



Жүргізілген кеңестер туралы  
**Есеп**

Тақырыбы: «Молочная Долина» ЖШС егістік алқабына агрохимиялық және мелиоративтік зерттеу жұмыстарын, картограммаларын жасау, тыңайтқыш нормаларын есептеу

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:  
«09» қазан 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:  
Алматы облысы, Талғар ауданы,  
Жетіген ауылы, «Молочная Долина» ЖШС

Эксперт: Маиет Пошанов М.Н.  
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ  
Топырақтану және агрохимия  
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС  
Басқарма Төрайымы

Рамаза Р.Х. Рамазанова



## Есептің құрылымы

*1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;*

Жүгеріні дәнге, сүрлемдік жүгері және жоңышқа дақылдарын өсіруге арналған егістік алқабын агрохимиялық және мелиоративтік зерттеу жүргізу.

*2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары;*

Зерттеу нысаны бойынша далалық зерттеу жұмыстары атқарылды. Далалық жұмыстар кезінде бұрғылау арқылы 0-20, 20-50, 50-100 см кабаттардан топырақ үлгілерін алу ұйымдастырылды. Топырақ үлгілеріне арналған қапшықты дайындау, топырақ үлгілері алынған жерлердің координаталарын белгілеп алу жұмыстары жасалынды.

Егістік алқабын агрохимиялық зерттеу топырақтағы қоректік заттармен қамтамасыз етілу дәрежесін анықтауға мүмкіндік береді. Топырақты мелиоративтік зерттеу топырақтағы суда еритін тұздардың мөлшерін, топырақта сіңірілген негіздердің мөлшерін, тұздардың орналасу тереңдігін анықтауға мүмкіндік беретіндігі айтылды.

Қоректік заттармен қамтамасыз етілу, тұздану, сіңірілген негіздердің қанықтылығы, рН ортасы бойынша карталар мен картограммалар жасалып берілді.

Егістік алқабы бойынша қоректік заттармен қамтамасыз етілу гумус (қара шірінді) өте төмен дәрежеде, азот, фосфор және калиймен қамтамасыз ету бойынша әртүрлілік байқалады, жалпылай алғанда орташа дәрежеде.

Тұздану карталары бойынша 0-20см беткі кабатта 90% егістік аумағы тұзданбаған, ал одан төменгі 20-50см, 50-100 см кабаттарында тұздардың құбылмалығы байқалатындығы туралы түсіндірілді

*3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;*

Жасалынған картограммалар мен карталар бойынша ауыспалы егістерді жоспарлауға, тұздану карталары бойынша мелиоративтік жұмыстарды жүргізу мен жоспарлауға мүмкіндік береді. Дәндік жүгеріден 8т/га, сүрлемдік жүгеріден 50т/га, жоңышқа+арпадан 20т/га өнімлік алуға тыңайтқыш нормалары есептеліп беріліп ұсынылды.

4) Кеңес беруден фотосуреттер

